



Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) тарапынан біржақты тәртіппен әзірленген және су көлігін сақтандыру шарттарын жасасу мен орындау тәртібін айқындайды.

Осы Ережелер сақтандырушының құқық қабілеттілігін шектемейді. Тараптардың міндеттемелерін айқындайтын су көлігін сақтандырудың нақты шартының талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен белгіленеді

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	1
2. Сақтанушылар	1
3. Сақтандыру объектісі	2
4. Сақтандыру жағдайлары	3
5. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу	4
6. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	5
7. Сақтандыру сыйлықақысы	5
8. Франшиза	5
9. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	6
10. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	7
11. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	8
12. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңдегі сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	10
13. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының әрекеттері	11
14. Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	12
15. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	13
16. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	16
17. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері	17
18. Сақтанушының залалды өтеуге қатысты құқықтарының сақтандырушыға өтуі (суброгация)	17
19. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	17
20. Ерекше талаптар	19
21. Дауларды шешу тәртібі	20

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ережелердің талаптарында «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - сақтандырушы) заңды тұлғалармен және әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен (бұдан әрі - сақтанушылар) су көлігін сақтандыру шарттарын жасасады.
- 1.2. Сақтандыру шарты Сақтанушы өтініште көрсеткен басқа тұлғаның (бұдан әрі - пайда алушының) пайдасына жасалуы мүмкін.

2. Сақтанушылар

- 2.1. Сақтанушы – су көлігінің (бұдан әрі мәтін бойынша су көлігі немесе кеме) сақталуына мүддесі бар, атап айтқанда: су көлігінің иесі, пайдаланушысы, жалдаушысы, арендаторы, лизинг берушісі, лизинг алушысы болып табылатын және сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан заңды тұлға немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға.



2.2. Сақтанушы - заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде, сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға өтеді.

2.3. Сақтанушы - жеке тұлға сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қайтыс болған жағдайда, осы сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен сақтанушының мұрагерлеріне өтеді.

3.Сақтандыру объектісі

3.1. Сақтандыру объектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, су көлігіне, оның ішінде машиналарға, жабдықтарға, такелажға, ішкі әрлеуге және т.б. иелік етуге, пайдалануға, билік етуге байланысты мүлкітік мүдделер болуы мүмкін.

3.2. Осы Ережелер бойынша су көлігі деп теңіз (өзен) кемесінің штаттық конструкциясы: корпусы, қозғалтқыштары, жабдықтары мен кеме жарағы, жанар-жағармай және басқа да шығыс материалдарын қоспағанда, түсініледі.

3.3. Осы Ережелерге сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша мыналар сақтандырылуы мүмкін:

3.3.1. Мақсатына, жүзу ауданына, құрылыс материалына, қозғалтқышының (қозғалыс құрылғысының: желкенді, бұрандалы және т.б.) түріне қарай Қазақстан Республикасының немесе кез келген өзге мемлекеттің кеме тізілімдерінің біріне енгізілген және мынадай топтарға бөлінетін кемелер:

а) мақсаты бойынша - әскери, көліктік (сауда), кәсіпшілік, қызметтік-көмекші, техникалық флот кемелері, арнайы (баржалар), спорттық және серуендік (катерлер, яхталар және т.б.). Көліктік (сауда) кемелер тасымалданатын жүктердің сипатына қарай мыналарға бөлінеді:

- жолаушылар және жүк-жолаушылар кемелері (12-ден астам жабдықталған жолаушылар орны бар және жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған);
- жалпы жүктерді, сусымалы, қапталған және қапталмаған жүктерді тасымалдауға арналған құрғақ жүк кемелері (рефрижераторлар, орман таситын кемелер, астық таситын кемелер, контейнер таситын кемелер, пакет таситын кемелер және т.б.), сондай-ақ мамандандырылған: балкерлер, ро-ро, лихтер таситын кемелер, құйма жүктерді құйып тасымалдауға арналған құймалы кемелер (танкерлер және т.б.).

Бұдан басқа, көліктік (сауда) кемелер белгілі бір порттар арасында тұрақты рейстер жасайтын желілік кемелерге және жүктің болуына байланысты кез келген бағытта коммерциялық рейстер жүзеге асыратын трампытық кемелерге бөлінуі мүмкін.

Кәсіпшілік кемелер теңіз кәсіпшілігіне (балық аулау, кит, краб және т.б. өндіру) арналған және балық аулау кемелеріне (траулерлер, сейнерлер, боттар, туец аулайтын кемелер, краб аулайтын кемелер, кит аулайтын және аң аулайтын кемелер) және теңізде тікелей олжаны өндейтін жүзбелі базалар мен зауыттарға бөлінеді.

Көліктік және кәсіпшілік кемелердің жұмысын қамтамасыз ететін қызметтік-көмекші кемелерге мұзжарғыштар, буксирлер, үлестіруші, лоцмандық, қатынау, құтқару, өрт сөндіру және т.б. кемелер жатады.

Техникалық флот кемелеріне жерснарядтар, жүзбелі доктар, крандар, жүзбелі бұрғылау қондырғылары және т.б. жатады.

б) жүзу аудандары бойынша - мұхиттық, теңіздік, жағалаулық жүзу, өзендік;

в) корпус материалы бойынша - ағаш, болат, темірбетон, композитті;

г) қозғалыс құрылғысының түрі бойынша - желкенді, дөңгелекті, бұрандалы;

д) қозғалтқышының түрі бойынша - бу, жылу, электр, атом, жел.

3.3.2. Теңіз (өзен) кемелеріне орнатылған машиналар (моторлар), навигациялық және өзге жабдық, кеме құрылғылары, жарак (такелаж), кемеге орнатылған және/немесе тасымалданатын қосымша арнайы жабдық (жарак), сондай-ақ қосалқы бөлшектер, ішкі әрлеу.

3.4. Мыналар сақтандыруға қабылданбайды:



- а) конструктивтік элементтері (қозғалтқыштары, корпусы, конструкциялары, навигациялық және өзге кеме құрылғылары, машиналары мен жабдықтары) апаттық жағдайда тұрған су көлігі;
б) мемлекеттік тізілімге енгізілмеген және тиісті ресми тіркелген мұз классы жоқ су көлігі;
в) жөнделулерінің саны (күрделі жөнделуді қоса алғанда) үштен асқан су көлігі;
г) су кемелерінде орналасқан, Сақтанушыға тиесілі емес және оған шарттық қатынастар нәтижесінде берілмеген мүлік.

4.Сақтандыру жағдайлары

4.1. Сақтандыру жағдайы деп басталу ықтималдығы және кездейсоқтық белгілері бар, сақтандыру шартында көзделген, басталған кезде сақтандырушының сақтанушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеті туындайтын болған оқиға танылады.

4.2. Осы Ережелерге сәйкес берілген шартпен су көлігіне зақым келуі немесе жоғалуы мүмкін мынадай сақтандыру жағдайлары жиынтығында немесе жеке-жеке жабылады:

- 1) оттың, найзағайдың, жарылыстың әсері;
- 2) дүлей зілзалалар;
- 3) апаттар, көлік оқиғалары;
- 4) гидротехникалық құрылыстармен немесе басқа кемелермен, тиеу техникасымен соқтығысудан болған апаттар;
- 5) кеме жабдықтарының, құрылғылары мен машиналарының апаттары;
- 6) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері.

4.3. Осы Ережелер негізінде жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы сақтанушыға келесі тәуекелдер топтары бойынша оқиғалар басталған жағдайда сақтандыру қорғанысын ұсынады:

4.3.1. "Кеменің жойылуы және зақымдануы үшін жауаптылықпен":

- корпус, бұранда жиынтығы, руль қауырсыны және руль баллері;
- қозғалтқыштар, қосалқы механизмдер, жабдықтар және кеме құрылғылары.

Осы талаппен жасалған сақтандыру шарты бойынша мыналар өтеледі:

- өрт, жарылыс, найзағай, дауыл, құйын, басқа да дүлей зілзалалар, кеме машиналарының, жабдықтарының және құрылғыларының апаты, оның із-түзсіз жоғалуы, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері нәтижесінде болған, осы Ережелердің 5.1-тармағында айтылған жағдайларды қоспағанда, кеменің толық жойылуы (нақты немесе конструктивтік) салдарынан болған залалдар және корпус, бұранда жиынтығы, руль қауырсыны мен руль баллері, сондай-ақ қозғалтқыштар, қосалқы механизмдер, жабдықтар мен кеме құрылғылары зақымдарын жоюға кеткен шығыстар;
- кемені құтқару мақсатында, сондай-ақ залалды азайту және оның мөлшерін анықтау мақсатында жасалған қасақана, ақылға қонымды және төтенше шығыстар салдарынан болған залалдар мен шығыстар, егер залал сақтандыру талаптары бойынша өтелсе.

4.3.2. "Зақымданулар үшін жауаптылықпен":

- корпус, бұранда жиынтығы, руль қауырсыны және руль баллері;
- қозғалтқыштар, қосалқы механизмдер, жабдықтар және кеме құрылғылары.

Осы талаппен жасалған сақтандыру шарты бойынша мыналар өтеледі:

- осы Ережелердің 5.1-тармағында айтылған жағдайларды қоспағанда, өрт, жарылыс, найзағай, дауыл, құйын, басқа да дүлей зілзалалар, кеме машиналары мен жабдықтарының апаты, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері нәтижесінде болған корпус, бұранда жиынтығы, руль қауырсыны мен руль баллері, сондай-ақ қозғалтқыштар, қосалқы механизмдер, жабдықтар мен кеме құрылғылары зақымдарын жоюға кеткен шығыстар.

4.3.3. "Тек кеменің толық жойылуы үшін жауаптылықпен".

Осы талаппен жасалған сақтандыру шарты бойынша мыналар өтеледі:

- өрт, жарылыс, найзағай, дауыл, құйын, басқа да дүлей зілзалалар, кеме машиналары мен жабдықтарының апаты, оның із-түзсіз жоғалуы, корпусының, механизмдерінің, конструкцияларының, жабдықтарының, жарағының зақымдарын жоюға кеткен шығыстар, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері нәтижесінде болған, осы Ережелердің 5.1-тармағында



айтылған жағдайларды қоспағанда, кемеңің толық (нақты немесе конструктивтік) жойылуы салдарынан туындаған залалдар;

- кемеңің із-түзсіз жоғалуы салдарынан болған залалдар;
- егер залал сақтандыру талаптары бойынша өтелуге жатса, кемеңің құтқаруға, залалды азайтуға және оның мөлшерін анықтауға кеткен барлық қажетті және орынды жасалған шығыстар.

5. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу

5.1. Егер сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, мынадай себептерден туындаған залалдар мен шығыстар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және өтелуге жатпайды:

- 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері; әскери немесе соларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
 - 2) бүлік; ереуіл; локауттар; халық көтерілісіне ұласатын немесе соған дейін ұлғая түсетін азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлікшілік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; әскери басып алу немесе билікті басып алу; мүлікті тәркілеу; реквизициялау немесе мемлекет меншігіне алу; террористік актілер;
 - 3) радиоактивті сәулелену немесе атом отынын жағудан қалған радиоактивті отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластану, кемеде радиоактивті және бөлінетін материалдарды тасымалдау;
 - 4) егер сақтандыру жағдайы сақтандыру қорғанысының аумағынан немесе қолданылу кезеңінен тыс жерде орын алса;
 - 5) сақтандырушымен жазбаша келісусіз кемеңің сынақтарда, спорттық немесе оқу мақсаттарында пайдалану;
 - 6) кеме жүзуге шыққанға дейін сақтанушыға немесе оның өкіліне белгілі болған кемеңің пайдалануға жарамсыздығы;
 - 7) кемеңің оның мақсатына сай көзделмеген мақсаттарда және талаптарда пайдалану және/немесе сақтандыру шартында көрсетілмеген жағдайларда пайдалану;
 - 8) кемеңің сақтандыру шартында келісілген пайдалану ауданынан тыс пайдалану, егер бұл тек еңсерілмейтін күштің әсерінен туындамаса;
 - 9) тонау, ұрлық, басқа да қылмыстық немесе қасақана әрекеттер, егер оларды сақтанушы, оның өкілі немесе сақтанушының мүддесінде не оның бақылауымен жұмыс істейтін тұлға жасаған болса;
 - 10) кемеңің, оның бөліктерінің, машиналарының, жабдықтарының немесе тиесілі заттарының тозуы, коррозиясы;
 - 11) кемеңің оның мұз класында көзделмеген жағдайларда пайдалану;
 - 12) кеме мен экипажды ұстауға кеткен шығыстар;
 - 13) конструктивтік-өндірістік кемшіліктер;
 - 14) кемеңің қылмыстық әрекеттер жасау үшін пайдалану (есірткілерді, жалдамалыларды, қаруды тасымалдау);
 - 15) кемеңің Сақтанушының өтінішінде және сақтандыру шартында көрсетілмеген мақсаттарда пайдалану;
 - 16) техникалық пайдалану нормаларында көзделгеннен артық жолаушылар санын және жүк салмағын тасымалдау;
 - 17) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының не осы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) нәтижесінде зиян келтіру, соның ішінде аталған органдар мен лауазымды адамдардың заңдарға немесе басқа құқықтық актілерге сәйкес келмейтін актілерді шығаруы нәтижесінде.
- 5.2. Стандартты сақтандыру талаптарына кірмейтін “әскери тәуекелдерді”, ереуілдер, бүліктер және азаматтық толқулар тәуекелдерін сақтандыру, оларды сақтандыру шартына арнайы бөлімдер ретінде енгізу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.
- 5.3. Адам өмірін, кемелер мен жүктерді құтқару мақсатында белгіленген жолдан ауытқу немесе жүзу ауданынан шығу, сондай-ақ рейстің одан арғы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нақты қажеттілігінен туындаған ауытқулар сақтандыру шартын бұзу болып есептелмейді. Осындай кез келген ауытқу туралы сақтанушы сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.



6.Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

- 6.1. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
- 6.2. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шарты жасалған сәттегі су көлігінің нақты құнын (сақтандыру құнын) растайтын құжаттар негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.
- 6.3. Нақты құн деп сақтандырылатын су көлігімен бірдей сыныптағы, түрдегі су көлігінің оның моральдық және физикалық тозуын ескере отырып құны немесе сақтандыру шарты жасалған сәттегі ұқсас су көлігінің нарықтық құны негізіндегі құн түсініледі.
- 6.4. Қолданыстағы шарт бойынша сақтандыру сомасы сақтандыру объектісінің құнының өзгеруіне немесе шарт жасалған кезде сақтандыру сомасының төмен көрсетілуіне байланысты сақтанушының өтініші бойынша ұлғайтылуы мүмкін. Бұл ретте сақтанушы қайта есептеуге сәйкес қосымша жарна енгізуге, сақтандыру шартын қайта ресімдеуге немесе шарттың қалған қолданылу мерзіміне қосымша келісім (аддендум) жасасуға міндетті. Өткен мерзім үшін сақтандыру сыйлықақысы қайта есептеуге жатпайды.

7.Сақтандыру сыйлықақысы

- 7.1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігіне алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.
- 7.2. Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сондай-ақ сақтандыру шартында сақтандыру сомасы мен сақтандыру тарифіне қарай әрбір объекті және әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.
- 7.3. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына: салынған жылы, пайдалану мерзімі, су көлігінің сыныбы мен түрі, техникалық жай-күйі, өрт сөндіру құралдарымен, навигациялық жабдықпен және соқтығыстың алдын алу жабдығымен жарактандырылуы, жүзу географиясы және т.б. байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылатын және төмендететін коэффициенттерді қолдануға құқылы.
- 7.4. Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы біржолғы немесе бөліп төлеу түрінде кезеңдік сақтандыру жарналары ретінде, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төлеуге тиіс.
- 7.5. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде төлемеген жағдайда, сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартының сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) төленбеген күннен бастап біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
- 7.6. Егер сақтандыру жағдайы мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленгенге дейін басталса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының (сақтандыру сыйлықақысының) сомасын есепке жатқызуға құқылы.
- 7.7. Егер сақтандыру шартының қолданылуы сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының кезекті бөлігін төлемеуіне байланысты шартты бұзу салдарынан тоқтатылған болса, сақтандыру шарты қайта жаңартылуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы шарт бұзылған сәттен бастап қайта жаңартылған сәтке дейінгі кезеңде сақтандыру шарты бойынша жауапты болмайды және осы кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

8.Франшиза

- 8.1. Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша шартсыз немесе шартты франшиза - сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалды өтеуге сақтанушының өзінің қатысуы көзделуі мүмкін. Франшиза сақтандыру сомасынан пайызбен де, тіркелген сома түрінде де белгіленуі мүмкін. Франшиза мөлшері сақтандыру шартында келісіледі:



1. шартсыз франшиза кезінде франшиза сомасынан аз немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан артық залал толық залал сомасы мен франшиза сомасының арасындағы айырма мөлшерінде өтеледі;
2. шартты франшиза кезінде франшизаның белгіленген сомасынан аз немесе оған тең залал өтелмейді, ал франшизаның белгіленген сомасынан артық залал толық залал сомасы мөлшерінде өтеледі.

9.Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

9.1. Сақтандыру шарты белгіленген нысандағы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсыну арқылы жасалады:

- 1) жүзу құқығы туралы куәлік (кеме билеті);
- 2) кемеге меншік құқығы туралы куәлік не кемеге меншік құқығын растайтын өзге құжат;
- 3) өлшеу куәлігі;
- 4) сыныптау куәлігі;
- 5) жолаушылар куәлігі (жолаушылар кемесі үшін).

9.2. Осы өтініш сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

9.3. Сақтандырушы өтініштің нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.

9.4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.

9.5. Сақтанушы сақтандырылатын су көлігіне қатысты сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында сақтандырушы қойған сұрақтарға жауап беруге және сақтандырушы сұратқан қосымша құжаттарды ұсынуға міндетті.

9.6. Су көлігі туралы ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілікті сақтанушы көтереді.

9.7. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін сақтанушы сақтандырушыға осы Ережелердің 9.4-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

9.8. Егер сақтанушы үндемей қалған мән-жайлар енді жойылып кетсе, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

9.9. Сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандырылуға жататын су көлігіндегі бар зақымдар мен ақаулар сақтанушының өтінішінде көрсетіледі. Сақтанушы өзіне тиесілі су көлігіне қатысты басқа тұлғалар тарапынан талаптардың, сот талап-арыздарының бар екендігі немесе қабылданған сот шешімдерінің бар екендігі туралы сақтандырушыны хабардар етуге міндетті.

9.10. Су көлігін сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы кемеңі докта, оны ұстау және пайдалану жағдайларын қарап шығуға, сондай-ақ пайдалану және кеме құжаттамасымен танысуға, ал қажет болған жағдайда сақтандырылатын кемеңі нақты құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға құқылы. Бұл ретте сақтандырушының сақтандыру тәуекелін бағалауы сақтанушы үшін міндетті болып табылмайды, ол өзгеше екенін дәлелдеуге құқылы.

9.11. Сақтандыру шарты сақтанушының сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген үлгі талаптарға (осы Ережелерге) қосылуы (қосылу шарты) және сақтандырушының сақтанушыға белгіленген нысандағы сақтандыру полисін (№1 Қосымша) беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады.

9.12. Сақтандыру шартында мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) Сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефонының нөмірі және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефонының нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын заңды тұлға болса);
- 3) сақтандыру объектісін көрсету;
- 4) сақтандыру жағдайын көрсету;



- 5) сақтандыру сомасының мөлшерлері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар-жоғы туралы көрсету;
 - 7) Сақтандыру полисінің жасалған күні, қолданылу мерзімі және сақтандыру қорғанысының мерзімі;
 - 8) егер олар сақтандыру қатынастарының қатысушылары болып табылса, сақтандырылған тұлға және пайда алушы туралы көрсету;
 - 9) Сақтандыру полисінің нөмірі, сериясы;
 - 10) Сақтандыру полисінің талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі; сақтанушының мүлдіктік сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлау міндеті (ҚР АҚ 834-бабының 1-тармағы);
 - 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрі;
 - 12) сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету;
 - 13) егер сақтандырылған тұлға (пайда алушы) сақтандыру шартында көрсетілсе және ол шарт бойынша сақтанушы болып табылмаса, сақтандырылған тұлғаның (пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсету.
- 9.13. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда сақтандырушы, сақтанушының жазбаша өтініші негізінде, сақтандыру шартының көшірмесін береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.
- 9.14. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушы мен сақтандырушы арасында мынадай мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілуге тиіс:
- 1) сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге мүлдіктік мүдде туралы;
 - 2) сақтандыру жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы (сақтандыру жағдайы);
 - 3) сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
 - 4) шарттың қолданылу мерзімі туралы.

10.Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

10.1. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп төлеген кезде – бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

10.2. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты бірінші басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап өз қолданылуын тоқтатады.

10.3. Сақтандыру шарты мерзімге немесе рейске жасалады.

10.3.1. Мерзімге сақтандырған кезде Сақтандырушының жауапкершілігі сақтандыру шартында көрсетілген күндердің 00 сағатынан басталып, 24 сағатында аяқталады. Алайда егер мерзімге сақтандырылған кеме сақтандыру мерзімі аяқталған сәтте рейсте, пана портында болса немесе апатқа ұшырап жатса, сақтандыру шарты соңғы рейстің межелі портына келгенге дейін ұзартылған болып есептеледі. Бұл жағдайда сақтанушы сақтандырушыға шартты ұзарту мерзіміне пропорционалды есептелген сыйлықақыны төлеуге тиіс.

10.3.2. Рейске сақтандырған кезде сақтандырушының жауапкершілігі (егер сақтандыру шартында өзгеше келісілмесе) жөнелту портында швартовтарды берген немесе якорьдан көтерілген сәттен бастап басталып, межелі портта швартовталған немесе якорьға қойылған сәтте аяқталады.

10.4. Бір жылдан аз мерзімге сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру сыйлықақысының мөлшері есептелген жылдық сақтандыру сыйлықақысынан мынадай мөлшерлерде белгіленеді (толық емес ай толық ай болып есептеледі):



Мерзімі	1 ай жән е одан аз	2 ай	3 ай	4 ай	5 ай	6 ай	7 ай	8 ай	9 ай	10 ай	11 ай
Жылдық сақтандыру сыйлықақысы нан %	20	25	40	50	60	70	75	80	85	90	95

10.5. Бір жылдан астам мерзімге сақтандырған кезде сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір жыл үшін сақтандыру сыйлықақыларының сомасы ретінде белгіленеді. Бұл ретте толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы мына формула бойынша есептеледі: $Пнеп. = СТ \times (M/12)$, мұнда: Пнеп. - толық емес жыл үшін сақтандыру сыйлықақысы (бір жылдан астам сақтандыру кезінде); СТ – Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі; М- толық емес жылдағы сақтандыру қорғанысының айлар саны.

10.6. Бір рейске (бір реттік айдап өтуге) сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандыру сыйлықақысы тәуекел дәрежесіне елеулі әсер ететін факторларды: кемеңің сыныбын (түрін), рейстің (айдап өтудің) мақсатын, жүктің ерекшеліктерін, маршрут пен рейстің ұзақтығын, порттарға кіру санын және т.б. ескере отырып, жылдық сақтандыру сыйлықақысы сомасының 35%-ы мөлшерінде төленеді.

10.7. Сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағына таралады. Сақтандырушымен келісу бойынша сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы ТМД елдерінің және алыс шетелдің аумақтарында да жоғарылатылған тариф бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып ұсынылуы мүмкін.

10.8. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

11. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11.1. Сақтанушының құқығы бар:

- 1) сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат беруді талап етуге;
- 2) егер ол сақтандыру шарты бойынша пайда алушы болып табылса, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.

11.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәні бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 2) сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және/немесе жасалып жатқан су көлігін сақтандырудың барлық шарттары туралы жазбаша хабарлауға;
- 3) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 4) сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабардар етуге;
- 5) сақтандырылған тұлғаға сақтандыру талаптарын жеткізуге;
- 6) сақтандыру талаптарын орындауға (сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартының талаптарын бұзуы сақтанушының өзі сақтандыру шартының талаптарын бұзуы ретінде бағаланады);
- 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы сақтандырушыны сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен хабардар етуге;
- 8) сақтандыру жағдайынан болатын залалдың алдын алу немесе оны азайту үшін барлық ықтимал және орынды шараларды қабылдауға;



- 9) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдарлары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты ұсынуға;
 - 10) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты суброгация тәртібімен талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.
 - 11) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, жинауға және өңдеуге келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.
 - 12) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.
 - 13) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуге, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісімін талап етуге міндетті.
 - 14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан өңдеуге келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда таратуға келісімінің болмауы, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімінің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады.
 - 15) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды: атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі); субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе); дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең; оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі немесе ондай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер; оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар-жоғы немесе жоқтығы туралы мәліметтер; дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер; дербес деректер субъектісіне қатысты жиналатын деректердің тізбесі.
 - 16) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушы немесе үшінші тұлға тарапынан Сақтанушының жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де деректер базаларында және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильді қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімін растайды.
- 11.3. Сақтандырушының құқығы бар:
- 1) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырылатын су көлігін қарап шығуға, ал қажет болған жағдайда оның нақты құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындауға;
 - 2) сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) ұсынған ақпараттары мен құжаттарын, сондай-ақ сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру шарты талаптарын орындауын тексеруге;
 - 3) бүлінген су көлігін қарауға қатысуға;
 - 4) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұраулар жолдауға;
 - 5) сақтанушыдан немесе сақтандырылған тұлғадан сақтандыру жағдайы фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;



- 6) сақтанушының немесе оның уәкілетті тұлғасының қасақаналығы болған жағдайда, сондай-ақ сақтанушы сақтандыру шарты талаптарын орындамаған кезде, не оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған кезде, бұл туралы сақтанушыны (сақтандырылған тұлғаны/ пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
 - 7) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың бар-жоғын кез келген уақытта инспекциялауға және тексеруге;
 - 8) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына барабар қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
- 11.4. Сақтандырушы міндетті:
- 1) сақтанушыны осы Ережелермен таныстыруға;
 - 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған жағдайда сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 3) сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін жасаған орынды және мақсатқа сай шығыстарын өтеуге;
 - 4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
 - 5) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/ Сақтандырылған тұлғаның/ Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі – ҚМА тізбесі), сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы.
 - Сақтанушының /Сақтандырылған тұлғаның құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша тиісті тексеру жүргізу үшін қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақша және (немесе) өзге мүлікпен операция ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негіздер болған кезде.
- 11.5. Осы бөлімдегі тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Ережелердің басқа бөлімдерінде көзделген және сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

12. Сақтандыру шарты қолданылған кезеңдегі сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

12.1. Сақтандыру шарты қолданылатын кезеңде сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

12.2. Кез келген жағдайда мынадай өзгерістер мен мән-жайлар елеулі деп танылады:

- 1) су көлігін пайдалану сипаты мен жағдайларының елеулі өзгеруі;
- 2) сақтандырылған кеме, жабдықты үшінші тұлғаларға беру;
- 3) жүзу географиясының, тіркелген портының өзгеруі, маршруттан ауытқу немесе маршруттың өзгеруі;
- 4) жоспарлы немесе жоспардан тыс жөндеуге қою;
- 5) сақтандыру шарты жасалған сәтте кеме иеленген сыныбының өзгеруі, аяқталуы немесе қолданылуының тоқтатылуы;
- 6) кеме ресурсының аяқталуы.

Сақтандыру шартында тәуекел дәрежесінің ұлғаюына әсер ететін өзге де елеулі өзгерістер келісілуі мүмкін.

12.3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына барабар қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

12.4. Егер сақтанушы сақтандыру шарты талаптарының өзгеруіне немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі сақтандыру шартында белгіленеді.



12.5. Сақтанушы осы Ережелердің 12.1-тармағында көзделген міндетін орындамаған жағдайда, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және оны бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына барабар азайтуға не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

12.6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар енді жойылып кетсе, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

13.Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының әрекеттері

13.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы міндетті:

- 1) қалыптасқан мән-жайларда мүмкін болатын залалдың алдын алу немесе оны азайту үшін барлық орынды және қолжетімді шараларды қабылдауға, оның ішінде бүлінген теміржол көлігін құтқару және сақтау жөнінде шаралар қолдануға (егер сақтандырушы нақты шараларды қабылдау туралы нұсқаулар берген болса, сақтанушы (сақтандырылған тұлға) соларды ұстануға тиіс);
- 2) сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге уәкілетті тиісті құзыретті органдарға жүгінуге;
- 3) шығындардың келтірілуіне жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті, мүмкін болатын және орынды шараларды қабылдауға;
- 4) қысқа мерзімде, бірақ қандай жағдайда да, мереке және демалыс күндерін қоспағанда, ол білген сағаттан бастап есептегенде, 3 (үш) тәуліктен кешіктірмей, оқиғаның басталғаны туралы сақтандырушыға немесе оның өкілетті өкіліне хабарлауға, оған оқиғаның мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, сақтандырушымен одан арғы әрекеттерді келісуге, сондай-ақ сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға. Егер сақтандыру шартында өзге мерзім және (немесе) хабарлау тәсілі көзделсе, ол келісілген мерзімде және сақтандыру шартында көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс;
- 5) бүлінген су көлігін сақтандыру оқиғасы басталғаннан кейінгі қалпында сақтандырушы (оның өкілетті өкілі) қарап шыққанға дейін сақтауға. Сақтанушы келтірілген залал көрінісін тек қауіпсіздік, залал мөлшерін азайту мақсатында немесе сақтандырушының келісімі алынған жағдайда ғана өзгертуге құқылы;
- 6) сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 7) сақтандырушыға сақтандыру жағдайы (оқиғасы) орнын және бүлінген су көлігін қарап шығуға немесе зерттеуге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізуге, залалды азайту және сақтандырылған су көлігін құтқару жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге.

13.2. Сақтанушы сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелер қабылдамауға; қандай да бір ұсыныстар қабылдамауға; осы сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір төлемдер жасамауға және оларды жасауға уәде бермеуге, сақтандырушының жазбаша келісімінсіз міндетті.

13.3. Егер сақтанушы сақтандырылған тұлға болып табылмаса, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау және қалыптасқан мән-жайларда мүмкін болатын залалдың алдын алу немесе оны азайту үшін, оның ішінде сақтандырылған су көлігін құтқару және сақтау жөнінде орынды және қолжетімді шаралар қабылдау міндеті сақтандырылған тұлғаға жүктеледі.

13.4. Пайда алушы қандай да бір мән-жайларда, оны сақтанушы немесе сақтандырылған тұлға жасаған-жасамағанына қарамастан, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға құқылы.

13.5. Сақтандырушыны келісілген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.



14.Сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

14.1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ сонымен келтірілген залалдарды дәлелдеу сақтанушыға жүктеледі.

14.2. Сақтандыру төлемін алу үшін сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) құжат жүзінде мыналарды дәлелдеуге міндетті:

- сақтандырылған су көлігіне өзінің мүддесін;
- сақтандыру жағдайының болуын;
- келтірілген залалдың мөлшерін.

14.3. Сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс:

14.3.1. жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу талаптарын сақтау үшін: сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш; сақтандыру шарты (сақтандыру полисі); өтініш берушінің жеке куәлігі; жеке кәсіпкер ретінде жеке тұлғаны тіркеу туралы куәлік (егер сақтанушы жеке тұлға болып табылса және жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса); сақтандыру компаниясында іс жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығына сенімхат (занды тұлға үшін немесе пайда алушының мүддесін білдіру жағдайында);

14.3.2. сақтандырылған су көлігін сақтауға мүддені дәлелдеу үшін - сақтандырылған су көлігіне иелік ету, пайдалану, билік ету құқығын растайтын құжаттар немесе сақтандыру мүддесінің болуын растайтын өзге құжаттар;

14.3.3. сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін: оқиғаның басталу фактісі туралы акт, теңіздік протест, құзыретті және мамандандырылған органдардың, мемлекеттік теңіздік авариялық-құтқару қызметінің, порт қызметтерінің құжаттары, кемені тиеу және түсіру нәтижелерін куәландыратын құжаттар, оқиғаның басталу фактісін растайтын басқа да ресми құжаттар (актілер, қорытындылар, анықтамалар);

14.3.4. келтірілген залал мөлшерін дәлелдеу үшін:

авариялық комиссар жасаған бүлінген кемені қарау актілері, сараптама, бағалау актілері, залал анықталатын жердің заңдарына немесе әдет-ғұрыптарына сәйкес жасалған өзге құжаттар. Жүргізілген шығыстарға қатысты растайтын құжаттар, залал бойынша шоттар, ал өтеуді талап ету жағдайында есептеу үшін құжаттар немесе диспаша (шығыстарды кеме, жүк және фрахт арасында бөлу жөніндегі арнайы есеп), сондай-ақ талапты қарау үшін сақтандырушыға қажетті өзге де құжаттар.

14.4. Сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) су көлігін сақтауға мүддені, сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залал мөлшерін растайтын өзге дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.

14.5. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтінішті және тиісті құжаттарды сақтандырушының алған фактісі сақтандырушының уәкілетті қызметкерінің не өкілінің қолхатымен расталады.

14.6. Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында сақтандырушы оқиғаға қатысты мәліметтерді құзыретті органдардан және оқиға туралы ақпаратқа ие басқа ұйымдардан (ішкі істер органдары, авариялық-құтқару, навигациялық және жағалау қызметтері, медициналық мекемелер және т.б.) сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға құқылы.

14.7. Қажет болған жағдайда оқиғаның басталу себептері мен залал мөлшерін айқындау жөніндегі жұмысты сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушы, авариялық комиссарлар орындай алады.

14.8. Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін толық емес құжаттар топтамасын ұсынған жағдайда, Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны соңғы құжат алынған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде хабардар етеді.



15.Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

15.1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы жазбаша өтінішті алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттар ұсынылғаннан кейін сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
15.1.1. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның, пайда алушының) сақтандырылған су көлігін сақтауға мүддесінің бар-жоғын тексереді; залал келтірілген оқиғаның фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, бағалаушыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;

15.1.2. оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

15.2. Сақтандырушы немесе оның өкілі - авариялық комиссар немесе бағалаушы, сақтанушының сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтінішін алғаннан кейін 7 күндік мерзімде бүлінген кемені қарап шығады, оның нәтижелері бойынша авариялық сертификат (сараптамалық қорытынды, баяндама) жасалады.

15.3. Жалпы аварияның бар екендігі мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша диспашерлермен анықталады және оны бөлу жөніндегі есеп (диспаша) жасалады. Бұл ретте жалпы аварияны бөлуді талап ететін тарап мәлімделген залалдар немесе шығыстар шынында да жалпы авария деп танылуға тиіс екенін дәлелдеуге міндетті.

15.4. Сақтандырушы мен сақтанушы арасында сот дауы болмаған жағдайда, сақтандыру жағдайынан келтірілген залал мөлшерін сақтандырушының сарапшылары сақтанушының өтініші, бүлінген кемені қарау нәтижелері бойынша жасалған сақтандыру актісі (авариялық сертификат), сақтанушы ұсынған және сақтандыру жағдайы бойынша құзыретті органдардан алынған құжаттар негізінде, оқиға басталған кездегі зардап шеккен кеменің құнын негізге ала отырып анықтайды.

15.5. Тараптар арасында келіспеушіліктер болмаған жағдайда сақтандырушы сақтанушы ұсынған өтініш, құжаттар, сондай-ақ өзі қосымша алған құжаттар негізінде сақтандыру актісін жасайды, онда сақтандыру жағдайының мән-жайлары, келтірілген залал мөлшерін есептеудің негіздемесі, сақтандыру төлемі сомасының мөлшері көрсетіледі.

15.6. Егер сақтанушының өтінішін тексеру кезінде мәлімделген залал сақтандыру жағдайының нәтижесінде болмағаны анықталса, сақтандыру актісі жасалмайды. Бұл жағдайда сақтандырушы мен сақтанушы еркін нысандағы құжат жасайды, онда сақтандыру актісі не себепті жасалмағаны көрсетіледі.

15.7. Сақтанушының сақтандырушы сақтандыру жағдайы деп таныған оқиғаға байланысты мән-жайларды анықтауға және залалды азайту мақсатында жасаған шығыстары (егер олар сақтандыру шартының талаптарында көзделсе) сақтанушы ұсынған тиісті құжаттар (шоттар, түбіртектер, фактуралар, жүкқұжаттар, төлем құжаттары және т.б.) негізінде, жүргізілген шығындарды растай отырып, осы шығыстар шамасында, бірақ сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиттері) шегінде айқындалады.

15.8. Сақтандыру төлемін сақтандырушы сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) осы Ережелердің 15-бөлімінде көрсетілген құжаттардың, сондай-ақ қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін сақтандырушы немесе оның өкілі жасаған сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүзеге асырады.

15.9. Сақтандыру төлемін сақтандырушы пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырады. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы басталған нәтижесінде сақтанушы (сақтандырылған тұлға) шеккен нақты залал мөлшерінен аспауға тиіс.

15.10. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру төлемі әрбір сақтандырылған объекті бойынша сақтандыру шартымен айқындалған франшизаны (шартты, шартсыз) және сақтандыру сомасын ескере отырып мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

15.10.1. егер сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандырылған су көлігінің нақты құны мөлшерінде айқындалса, сақтандыру төлемі осы тармақтың 16.10.3 – 16.10.5 тармақшаларын ескере отырып, сақтандыру сомасы шегінде нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады;



15.10.2. егер сақтандыру шарты жасалған сәтте сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандырылған су көлігінің нақты құнынан төмен айқындалса, сақтандыру төлемінің мөлшері осы тармақтың 15.10.3 – 15.10.5 тармақшаларын ескере отырып, сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру сомасының су көлігінің нақты құнына арақатынасына пропорционалды түрде айқындалады. Бұл жағдайда сақтандыру төлемінің мөлшері (СВ) мынадай формула бойынша айқындалады: $СВ = РУ \times СС/СТ$, мұнда: РУ - нақты залал мөлшері; СС - сақтандыру сомасы; СТ – су көлігінің сақтандыру құны;

15.10.3. егер осы тармақтың 15.10.1 немесе 15.10.2 тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартында белгіленген франшиза мөлшерінен аспаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;

15.10.4. егер осы тармақтың 15.10.1 немесе 15.10.2 тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі сақтандыру шартында белгіленген шартсыз франшиза мөлшерін шегере отырып жүзеге асырылады;

15.10.5. егер осы тармақтың 15.10.1 немесе 15.10.2 тармақшаларында айқындалған сақтандыру төлемінің мөлшері шартты франшиза мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі франшизаны шегермей осы тармақтың 15.10.1 және 15.10.2 тармақшаларына сәйкес айқындалған мөлшерде жүзеге асырылады;

15.10.6. егер сақтандыру шартында франшиза белгіленбесе, сақтандыру төлемі осы тармақтың 15.10.1 және 15.10.2 тармақшаларына сәйкес жүзеге асырылады.

15.11. Егер сақтанушы (сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтем алған болса, сақтандырушы осы тармаққа сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы Ережелердің 15.10-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен аспаған жағдайда, келтірілген нақты залал мөлшері мен аталған тұлғадан алынған өтем арасындағы айырма мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

15.12. Егер осы Ережелердің 15.11-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы Ережелердің 15.10-тармағына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен асып кетсе, онда сақтандыру төлемі осы Ережелердің 15.10-тармағына сәйкес есептелген мөлшерде жүзеге асырылады.

15.13. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтанушы (сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтем алған болса, ол осы Ережелердің 15.10 – 15.12-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің тек бір бөлігіне ғана құқылы, осыған байланысты сақтандырушы артық төленген сақтандыру төлемі сомасын қайтаруды талап етуге құқылы, ал келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтем алған сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) артық алынған соманы сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

15.14. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, нақты залал мөлшері:

- 1) су көлігі бүлінген кезде - қалпына келтіру құны мөлшерінде айқындалады: қосалқы бөлшектердің, бөлшектер мен керек-жарақтардың құнына қалпына келтіру жұмыстарының құны қосылады, содан кейін одан әрі пайдалануға жарамды қалдықтардың құны шегеріледі. Есепке сондай-ақ бүлінген су көлігін жөндеу орнына жеткізуге кеткен шығыстар енгізіледі;
- 2) су көлігі жоғалған, жойылған кезде - сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде, бұрынғы төлемдерді ескере отырып, одан әрі пайдалануға немесе кәдеге жаратуға жарамды бөлшектер мен керек-жарақтардың қалдық құнын шегере отырып айқындалады.

15.15. Сақтанушы сақтандыру жағдайының салдарын жою үшін жөндеу кәсіпорнын таңдауды сақтандырушымен келісуге тиіс.

15.16. Капитанның, командалық құрам адамдарының және кеме экипажы мүшелерінің жалақысы мен қамтылуына кеткен шығыстарды өтеуге қатысты жеке авария кезінде талап қабылданбайды, тек кемені бір порттан екінші портқа авариялық жөндеу үшін қажетті айдап өту немесе авариялық жөндеуден кейін кемеге жүрістік сынақтар жүргізу үшін жұмсалған шығыстарды қоспағанда. Соңғы жағдайларда экипажды ұстауға кеткен шығыстар тек кеме жүрісте болған кезде ғана өтелуі мүмкін.

15.17. Егер залалдар мен шығыстар кемеге орнатылған және сақтанушының меншігі болып табылмайтын сақтандырылған жабдық пен құрылғыларға қатысты болса, талап егер сақтанушы осы жабдықтың немесе құрылғылардың иесі болған жағдайда сақтандырушы төлеуге тиіс болатын



сомадан не сақтанушы мен иесі немесе жалға беруші арасындағы шарттарда көзделген жауапкершілік мөлшерінен, қайсысы аз болса, аспауға тиіс.

15.18. Кез келген жағдайда корпус асты бөлігін тазалау мен бояуға кеткен шығыстар өтелуге жатпайды, тек корпустың ауыстырылған учаскелерін, сондай-ақ түйіспелі дәнекерленген жіктерді немесе ауыстырылатын немесе қалпына келтірілетін қаптама табақтарына тікелей жанасатын корпус учаскелерін, түзету жұмыстары кезінде, орнынан шешіп алып та, орнында да бүлінген корпус қаптамасы учаскелерін тазалау, грунттау, коррозияға қарсы жабын жағу және басқа өңдеу шығыстарын қоспағанда.

15.19. Егер сақтандыру жағдайының нәтижесінде кеме рейсті үзуге және дереу жөндеуге баруға мәжбүр болса, кемені жөндеу орнына айдап өтуге және кері айдап өтуге кеткен орынды және мақсатқа сай шығыстар өтелуге жатады.

15.20. Барлық қалған жағдайларда сақтандыру жағдайы нәтижесінде алынған зақымдарды жою жөніндегі жөндеу орнына дейінгі соңғы кірген жерінен кемені айдап өтуге кеткен шығыстар осындай айдап өту кезіндегі пайдалану шығыстарынан асатын сома мөлшерінде өтеледі.

15.21. Өтелетін жөндеу құнына кеме корпусының бүлінген бөліктеріне жататын тазалау мен бояуға кеткен шығыстар ғана енгізіледі, бұл ретте кеме зақымдарын жою жөніндегі жөндеу кеме корпусының соңғы бояуынан бастап 12 ай ішінде жүргізілген болуы тиіс.

15.22. Кемені докқа енгізу және одан шығару немесе эллинг көмегімен көтеру және түсіру шығыстары, сондай-ақ кемені докта немесе эллинкте пайдаланған уақыт үшін шығыстар, егер жөндеу барысында тек сақтандыру жағдайының салдарын жоюға бағытталған жұмыстар орындалған болса, өтелетін жөндеу құнына толық көлемде енгізіледі.

15.23. Егер сақтандыру шартымен жабылатын зақымдарды жөндеу сақтандыру жағдайының салдарын жоюға қатысы жоқ жұмыстармен бір мезгілде жүргізілсе, өтелетін жөндеу құнына кемені құрғақ докқа енгізу және одан шығару немесе эллинг көмегімен көтеру және түсіру шығыстарының 50%-ы енгізіледі. Бұл ретте докты немесе эллинкті пайдалануға өтелетін шығыстарды есептеу егер сақтандыру жағдайының салдарын жою жөніндегі осындай жөндеу жеке жүргізілетін болса, қажет болар еді делінетін уақыт негізге алына отырып жүргізіледі.

15.24. Сақтандыру шартында пайдалануға және өткізуге жарамды қолда бар қалдықтарға шегерімдер жасамай сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда, сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) пайдалануға және өткізуге жарамды қолда бар қалдықтарды сақтандырушының меншігіне беруге міндетті.

15.25. Егер сақтандыру шартында сақтандырушы тарапынан жаңа материалдар мен қосалқы бөлшектерді (бөлшектерді, тораптарды, агрегаттарды және т.б.) сатып алу шығыстарын жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктердің (бөлшектердің, тораптардың, агрегаттардың және т.б.) қалдық құнын шегермей, толық көлемде өтеу көзделсе, онда сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) жөндеу процесінде ауыстырылатын жекелеген бөліктерді (бөлшектерді, тораптарды, агрегаттарды және т.б.) сақтандырушының меншігіне беруге міндетті.

15.26. Сақтандырушы су көлігін жөндеу процесінде анықталған, сақтандыру жағдайынан туындаған және құжат жүзінде расталған жасырын зақымдар мен ақауларды жоюға байланысты шығыстарды өтейді.

15.27. Егер бүлінген су көлігін жөндеу процесінде сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған жасырын ақаулар анықталса, онда сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) осы ақаулар жойылғанға дейін жөндеу жұмыстарын тоқтатуға, жасырын ақаулардың анықталғаны туралы сақтандырушыға хабарлауға, сақтандырушы өкілінің су көлігін қарау орнын, күнін және уақытын келісуге және сақтандырушыға қосымша сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтініш жолдауға міндетті.

15.28. Егер су көлігін сақтандырушы өкілі не сарапшы қарау нәтижесінде анықталған жасырын ақаулар сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде туындағаны белгіленсе, онда сақтандырушы жасырын ақаулардан туындаған залал мөлшерін айқындайды және осы Ережелерде айқындалатын тәртіппен қосымша сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

15.29. Сақтанушының осы Ережелердің 15.27-тармағында баяндалған міндеттерді орындамауы сақтандырушыға сақтанушыға қосымша сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

15.30. Жұмыстарды шұғыл жүргізуге, су көлігінің бұрынғы жай-күйін жетілдіруге немесе өзгертуге және осы сақтандыру жағдайымен байланысты емес өзге де қосымша шығындар нақты



залал сомасына енгізілмейді және сақтандырумен жабылмайды.

15.31. Тараптардың келісімі бойынша су көлігі жойылған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемінің орнына залалды заттай нысанда, яғни жойылған су көлігінің орнына ұқсас су көлігін беру арқылы өтей алады. Сол сыныптағы, түрдегі су көлігі ұқсас болып есептеледі.

15.32. Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, тіпті тиісті шаралар нәтижесіз болса да, сақтандырушымен өтелуге жатады.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерлерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) аспайтындай етіп өтеледі. Егер шығыстар сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) сақтандырушы нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

15.33. Сақтандырушы сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) ықтимал залалды азайту үшін өзіне қолжетімді және орынды шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған залалдың сол бөлігі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

15.34. Егер сақтанушы (сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы) осы Ережелердің 14-бөлімінде көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе залалдың басталу мән-жайлары мен оның мөлшері туралы көрінеу жалған мәліметтер ұсынса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

15.35. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сақтандыру шарты бойынша оның сақтандыру қорғанысы қолданылатын кезең ішінде сақтандыру шартында айқындалған бүкіл сақтандыру сомасы мөлшеріндегі сақтандыру төлемі жүзеге асырылғанға дейін қолданылатыны көзделсе, онда ол сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сомасы мен жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмаға тең сақтандыру сомасы мөлшерінде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күшінде қалады.

15.36. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын осы Ережелердің талаптарында қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып, сақтандырудың қалған мерзіміне қосымша келісім жасау арқылы қалпына келтіруге құқылы, ол мынадай формула бойынша есептеледі (жылға жасалған сақтандыру шарттары үшін):
$$\text{Пдоп.} = \text{СВ} \times \text{ТС} \times (\text{М}/12),$$
 мұнда: Пдоп.- қосымша сақтандыру сыйлықақысы; СВ - төленген сақтандыру төлемінің мөлшері; ТС – сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру тарифі; М- сақтандыру шартының қолданылуы аяқталғанға дейін қалған толық айлар саны.

16. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

16.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін жиырма күндік мерзімде не тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы сақтанушыны (сақтандырылған тұлғаны, пайда алушыны) жазбаша нысанда хабарлайды. Егер сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде дәлелдейді.

16.2. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім шығарылғаннан кейін жиырма күндік мерзімде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

16.3. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.

16.4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына сақтанушы, сақтандырылған тұлға немесе пайда алушы сот тәртібімен шағым жасай алады.

16.5. Егер Сақтандырушыға жарамсыз құжаттар ұсынылған болса, сақтандыру төлемі тиісті құжаттар ұсынылған сәттен бастап он күндік мерзімде жүзеге асырылады.



17.Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

17.1. Егер сақтандыру жағдайы мыналардың салдарынан орын алса, сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

- 1) сақтанушының, сақтандырылған тұлғаның және(немесе) пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал еткен қасақана әрекеттері, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;
- 2) сақтанушының, сақтандырылған тұлғаның және(немесе) пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері.

17.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мынадайлар да негіз болуы мүмкін:

- 1) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;
- 2) сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;
- 3) сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті залал өтемін алуы;
- 4) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және сол арқылы келтірілген залал мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
- 5) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы;
- 6) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы;
- 7) осы Ережелерде көрсетілген өзге де жағдайлар.

17.3. Осы Ережелердің 17.1 - 17.2-тармақтарында көзделген оның құқыққа сыйымсыз әрекеттері себептері бойынша сақтандырушыны сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату бір мезгілде сақтандырушыны сақтандырылған тұлғаға немесе пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан да босатады.

17.4. Егер құзыретті органдар Сақтанушыға немесе оның жұмыскерлеріне қатысты қылмыстық іс қозғап және (немесе) сақтандыру жағдайының басталуына және сонымен келтірілген залалдарға әкелген мән-жайларды тергеп жатса – тергеу аяқталғанға дейін – Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді тергеу аяқталғаннан кейін 15 күн ішінде қабылдауға міндетті.

18.Сақтанушының залалды өтеуге қатысты құқықтарының сақтандырушыға өтуі (суброгация)

18.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) талап ету құқығы өтеді.

18.2. Сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандыру төлемін алған кезде сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және сақтандырушыға өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

18.3. Егер сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе осы құқықты жүзеге асыру сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) кінәсінен мүмкін болмай қалса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

18.4. Сақтандыру шартында суброгацияның өзге тәртібі көзделуі мүмкін.

19.Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

19.1. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру шартының қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) сақтандырушының сақтанушы (сақтандырылған тұлға, пайда алушы) алдындағы сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындауы;



- 2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 3) егер сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі сақтанушының міндеттерін өзіне қабылдасамаса, сақтанушы болып табылатын заңды тұлғаның таратылуы немесе сақтанушы болып табылатын жеке тұлғаның қайтыс болуы;
 - 4) сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылуы;
 - 5) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.
- 19.2. Тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы тараптар бір-бірін болжанған тоқтату күніне дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
- 19.3. Егер сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:
- 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқанда;
 - 2) сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірген жағдайда Сақтанушы мүлдіктік сақтандыру объектісін иеліктен шығарғанда;
 - 3) өзінің кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушы кәсіпкерлік қызметін белгіленген тәртіппен тоқтатқанда;
 - 4) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылып, сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтағанда;
 - 5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенде;
 - 6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда;
 - 7) мынадай жағдайларда:
 - Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісті тексеру бойынша шаралар қабылдаудың мүмкін болмауы;
 - іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылып отыр деп пайымдауға негіздер болған кезде. Бұл жағдайда, Сақтандырушы Шартты Сақтанушыға жазбаша хабарлама жолдау арқылы бұзуды жүзеге асырады. Сақтандыру шарты осы тармақта Шартты тоқтатуға негіз ретінде көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыға дереу хабарлауға міндетті.
- 19.4. Осы бөлімнің 19.3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде, сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасуға байланысты әкімшілік шығыстарды (жасалған сақтандыру шарты бойынша табыс салығын, агенттік сыйақыны және осы сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақыны қамтиды) жалпы сақтандыру сыйлықақысынан 25 % мөлшерінде шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.
- 19.5. Егер бұл Ережелердің осы бөлімінің 19.3-тармағында көрсетілген мән-жайларға және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағына байланысты болмаса, Сақтанушы-жеке тұлға сақтандыру полисінен бас тарту себебінен сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, ол жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру полисін бұзуға байланысты шығындарды алынған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыз мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.
- 19.6. Сақтанушы-жеке тұлғаның қарыз шартына байланысты Сақтандыру полисінен бас тартуы себебінен, оның (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты Сақтандыру полисі мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды алынған сақтандыру сыйлықақысынан (сақтандыру жарналарынан) 10 (он) пайыз мөлшерінде шегере отырып қайтаруға міндетті.



19.7. Осы Ережелер бөлімінің 19.3 – 19.6-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

19.8. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ төлеуге жататын сақтандыру сыйлықақысынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1% мөлшерінде сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

19.9. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның талаптарын сақтандырушының кінәсінен орындамаудан туындаған жағдайларда, соңғысы сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

20. Ерекше талаптар

20.1. Тараптардың келісімі бойынша осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалатын сақтандыру шартына ерекше талаптар (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, алып тастаулар және т.б.) енгізілуі мүмкін.

20.2. Сақтандыру полисі бойынша мыналардың нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:

1. кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де-факто), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының сақтандырылған мүлікті тәркілеуі, мемлекет меншігіне алуы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы немесе пайдалануы.

2. Кез келген өзге талаптарға қарамастан, шарт бойынша сақтандыру оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір қызметтер көрсетпейді, егер осындай жабу, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге қызметі сауда не экономикалық санкциялар туралы қолданылатын кез келген заңнамалық немесе өзге нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылса.

20.3. Тараптар Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға қатер төндіретін әрекеттерге қатысты OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер қолданылған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны қарапайым жазбаша хабардар ету арқылы Шартты біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы екеніне келіседі. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шартында көрсетілген электрондық пошта арқылы немесе пошта арқылы мекенжайына хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі.

20.4. Тараптар осы Ережелер бабының 20.3-тармағына сәйкес Шарт қолданылуы тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды түрде пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарт қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынына келіседі.

20.5. Тараптар Сақтанушыға, оның: үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оларға қатер төндіретін әрекеттерге қатысты OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер қолданылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынына келіседі.

20.6. Тараптар осы Ережелер бабының 20.3-тармағына сәйкес Шарт біржақты тәртіппен бұзылған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда,



Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға тұрақсыздық айыбын төлемейтініне және қандай да бір залалдарды өтемейтініне келіседі.

21. Дауларды шешу тәртібі

21.1. Осы Ережелер негізінде жасалған сақтандыру шарттарынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қаралады.

21.2. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделіп, тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды күшке ие болады.



Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**СУ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ
(ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БАЯНДАЛҒАН)**

**Су көлігін
ерікті сақтандыру ережелеріне
№1 қосымша**

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІ
СТРАХОВОЙ ПОЛИС

серия ____ № ____

Осы сақтандыру полисі «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ уәкілетті органмен келісілген су көлігін сақтандыру Ережесіне (бұдан кейін – «сақтандыру Ережесі»).
Настоящий страховой полис является договором присоединения к Правилам страхования водного транспорта (далее – «Правила страхования»).

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ /
ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ
САҚТАНДЫРУШЫ /
СТРАХОВЩИК

СТРАХОВАНИЕ ВОДНОГО ТРАНСПОРТА.

№ ____ от « ____ » _____ 20__ года.

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ тел.: 8 (727) 258 43 36; факс: 8 (727) 258 43 38, Алматы қ.,
«Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT:
EURIKZKA BSN 950540000024
АО «Страховая компания «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59.
тел.: 8 (727) 258 43 36, факс: 8 (727) 258 43 38, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в филиале №6 АО
«Евразийский банк» г. Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA БИН 950540000024

САҚТАНУШЫ /
СТРАХОВАТЕЛЬ (

САҚТАНДЫРЫЛҒАН ТҮЛҒА /
ЗАСТРАХОВАННЫЙ
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ /
ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ
САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ /
СТРАХОВАЯ СУММА
САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ /
СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА

САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ
ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН
МЕРЗІМДЕРІ /
ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ
СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ /
СТРАХОВЫЕ СЛУЧАИ

САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ /
ТЕРРИТОРИЯ СТРАХОВОЙ ЗАЩИТЫ
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР /
ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ
ПАЙДА АЛУШЫ /
ВЫГОДОПРИОБРЕТАТЕЛЬ
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ /
ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ
СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ
ПОЛИСІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР
ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ /
СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ
ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА

САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІҢІҢ
ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ /
СРОК ДЕЙСТВИЯ
СТРАХОВОГО ПОЛИСА

Имущественные интересы, связанные с владением, пользованием, распоряжением средством водного транспорта, включая машины, оборудование, такелаж, внутреннюю отделку и др.
санмен/цифрами _____ сөзбен/прописью _____
санмен/цифрами _____ сөзбен/прописью _____
_____, в размере ____ % от страховой суммы. Франшиза – условие страхования, предусматривающее освобождение Страховщика от возмещения убытков, не превышающих определенного размера.
Событие, обладающее признаками вероятности и случайности его наступления, предусмотренное договором страхования, с наступлением которого возникает обязанность страховщика произвести страховую выплату страхователю или Выгодоприобретателю.
Лицо, которое в соответствии с договором страхования является получателем страховой выплаты.
Страховая выплата производится страховщиком не позднее 30 (тридцати) рабочих дней со дня получения документов, предусмотренных Правилами страхования.
Внесение изменений и дополнений в настоящий Полис производится по обоюдному согласию сторон, на основании письменного заявления (уведомления) одной из сторон. Если какая-либо сторона не согласна на внесение изменений и дополнений в настоящий Полис, в пятидневный срок решается вопрос о продолжении действия настоящего Полиса на прежних условиях или о прекращении настоящего Полиса. Изменения и дополнения к настоящему Полису оформляются путем расторжения и заключения нового страхового полиса.

с « ____ » _____ 20__ года по « ____ » _____ 20__ года.
обе даты включительно

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – иә/да,нет/жок.

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтердің шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./
С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/
Страховщик (или его представитель):
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

М.П.

Если подписант агент
Агент (ФИО/Наименование)
Адрес (если агент юридического лица)
ИИН/БИН
Телефон



Тараптардың құқықтары мен міндеттері

Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру келісім жасалғаны бойынша Сақтанушыны сақтандыру Ережесімен таныстыруға, Сақтандырушының белгілеген түрінде сақтандыру полисін беруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Полисінде белгіленген мөлшерде, төртіптен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 3) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы туған кезде олардың шығынды азайту үшін жұмсалған шығынның орнын толтыру;
- 4) заңда қарастырылған жағдайдан басқасын Сақтанушының құпиясын сақтау, Сақтанушының мүліктерінің жағдайын, мөлiметтерiн жария етпеу;
- 5) Сақтанушы сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда – мерзімі және көлемі сол тұрғыда жүретiн оның дубликатын дайындау;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.
- 7) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемiнен бас тартуға:
 - Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингi агенттiгiнiң ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмдi қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрi мөтiн бойынша -ЖҚҚТҚ тізбесi)болуы;
 - Сақтанушы /Сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлiкпен жасалатын операция ақшаны жылыстату және терроризмдi қаржыландыру мақсатында жасалады деп пайымдауға негiз болған кезде.

Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерiн анықтау үшін маңызды мәні бар белгiлi болған мән-жайлар туралы хабарлау.
- 2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелiнiң ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасау кезiнде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгiлi болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезiнде сақтандыру тәуекелiнiң ұлғаюына әсер ететiн болса. Шарт жасау кезiнде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып танылады;сақтандыру белгiленген келісім бойынша уақытылы және белгiленген тәртіп мөлшерiнде сақтандыру жарнасын төлеуге;
- 3) сақтандыру шартына отыру кезiнде Сақтандырушыға барлық оған белгiлi хал-жағдайды, сақтандыру жағдайы туа қалған кезде белгiлi маңызды бар нәрсенi бағалау үшін, одан болған шығын (сақтандыру қауіп-қатерi) және Сақтандырушының сұраған құжаттарын (сақтандыру объектiсiн, экономикалық негiзде сақтандыру төлемi және басқа да қаражат, және техника-экономика мәліметi);
- 4) белгiленген келісім бойынша мезгiлiнде және сақтандыру жағдайы туған түрiн және шара қолдануға айыпты кiсiден регресс құқығын қамтамасыз етуге Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) басқада күшi бар сақтандыру шарты сақтандыру объектiсiн белгiленген қазiргi келісім бойынша Сақтандырушыға хабарлауға;
- 6) Су жолы кемесi жойылған (қайта құрылған) заңгер ретiнде, сатылған немесе жалға берілген жағдайда Сақтандырушыға хабар беруге:
 - сақтандыру шартын бұзу;
 - сақтандыру шартын құқықжалғастыру бойынша қайта құру;
 - сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтыру енгізу;
- 7) Сақтандырушы өкiлдерiне қажеттi жағдай жасау, сақтандыру шартын жасауға байланысты шараларын оның жүргізу мерзім кезiнде қимылына ере жүру.
- 8) еңбек коллективтерiнiң мүшелерiне және олардың өкiлдерiне сақтандыру шарттарын түсiндiру;
- 9) айыпты тұлғаға регрестi талап құқығын Сақтандырушыға қамтамасыз ету.

Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушының хабарлар еткен ақпаратын, тағы да Сақтанушының талаптарының орындалуын және сақтандыру шарттарын тексеруге. Осы мақсатта сақтандырушы сақтандыру келісімі жүргізілгенше Сақтанушыға тиесілі су кемесінің қал-жағдайын тексеруге құқылы, тұтып-ұстау тәртібін және пайдалануын, техникалық күтуін және қажетті құжаттарымен танысу, содан кейін сақтандыру келісім күшіне енгеннен кейін сақтандырушы бақылау шарасын жүргізуге, сақтану жағдайын зерттеуге қатысуға және басқа жұмыстарды атқаруға байланысты сақтандыру келісім өз күшін сақтау кезінде ере жүру. Сақтандырушы тексеру нәтижесін және ескерту шараларын белгілеп жазбаша Сақтанушыға жіберу;
- 2) егерде оларға тиесілі су кемесінің техникалық талаптарына сай емес болса, әлдеқалай пайдалану кезінде үшу қауіпсіздігінің тәртібін өріскел бұзу байқалса, су жолы көлігін сақтандырудан бас тарту;
- 3) бөлшектен немесе толық сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту, егерде:
 - қазіргі Қазақстан Республикасының заңдарын және сақтанушы шартын бұзған болса;
 - сақтанушының қимылы сақтандыру жағдайына тікелей байланысты болса белгіленген заң тәртібі бойынша қымлысы құрамы әдейі жасалған немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп табылса;
 - сақтандыру объектiсi туралы сақтанушының жеткізген хабары әдейі біле тұра жалған немесе бұрмаланса;
 - сақтандыру жағдайы туғаны туралы дер кезінде хабар бермесе;
 - қазіргі белгіленген заңдар бойынша, егерде Сақтанушы мүмкіндігі бола тұра белгіленген келісім мерзімінде себебін анықтау үшін құжаттары және хабары жеткізілмесе, сақтандыру туған жағдайының сипаты және оның қортындысына (зардабына) немесе біле тұра жалған айғақ берсе;
 - Сақтанушы айыпты кiсiден шыққан шығынға сәйкес шығынның орнын

Права и обязанности сторон

Страховщик обязан:

- 1) ознакомить Страхователя с Правилами страхования, на основании которых заключен договор страхования, выдать страховой полис установленной Страховщиком формы, в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;
- 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки, установленные настоящим Полисом;
- 3) возместить Страхователю (Застрахованному) расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
- 4) обеспечить конфиденциальность в отношениях со Страхователем, не разглашать сведения о Страхователе и его имущественном положении, за исключением случаев, предусмотренных законодательством;
- 5) в случае утраты Страхователем страхового полиса - оформить его дубликат, действующий в тех же объемах и те же сроки;
- 6) сохранять тайну страхования.
- 7) отказать в страховой выплате в случаях:
 - нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя в перечне лиц и организаций, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу (далее – Перечень АФМ), а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ПРОМУ
 - не предоставления Страхователем /Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
 - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью отмывания денег и финансирования терроризма.

Страхователь обязан:

- 1) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;
- 2) незамедлительно, сообщить Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлечь за собой увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;
- 3) при заключении договора страхования сообщить Страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки вероятности наступления страхового случая и нанесения ущерба от него (страхового риска) и представить запрашиваемые Страховщиком документы (об объекте страхования, экономическое обоснование страховых сумм и другие финансовые и технико-экономические сведения);
- 4) сообщать Страховщику в установленные договором сроки и форме о страховом случае и принимать меры к обеспечению права на регресс к виновному лицу;
- 5) сообщать Страховщику о других действующих договорах страхования по объекту страхования, предусмотренному настоящим договором;
- 6) в случае ликвидации (реорганизации) его как юридического лица, продажи или сдачи в имущественный наем принадлежащих ему водных судов сообщать об этом Страховщику на предмет:
 - расторжения договора страхования;
 - переоформления договора страхования по правопреемственности;
 - внесения в договор страхования изменений и дополнений;
- 7) создавать необходимые условия представителям Страховщика для проведения ими мероприятий, связанных с заключением договора страхования и сопровождением его на период действия;
- 8) проводить с членами трудового коллектива и его представителями работу по разъяснению условий страхования;
- 9) обеспечить Страховщику право регрессного требования к виновному лицу.

Страховщик вправе:

- 1) проверять сообщенную Страхователем информацию, а также выполнение Страхователем требований и условий договора страхования. В этих целях Страховщик до заключения договора страхования вправе обследовать состояние принадлежащих Страхователю водных судов, условия их содержания и эксплуатацию, техническое обслуживание и изучить соответствующую документацию, а после вступления страхового договора в силу - проводить контрольные мероприятия, участвовать в расследовании страховых случаев и выполнять иную работу, связанную с сопровождением договора страхования в течение срока его действия. Результаты обследования и предупредительных мероприятий фиксируются Страховщиком в письменной форме и направляются Страхователю;
- 2) отказать в страховании водного транспорта в случае, если принадлежащие им водные суда не соответствуют действующим техническим требованиям, либо при их эксплуатации допускались грубые нарушения требований летной безопасности;
- 3) частично или полностью отказать в осуществлении страховой выплаты в случае:
 - нарушения Страхователем условий договора страхования и действующего законодательства Республики Казахстан;
 - действий Страхователя, признанных в установленном законом порядке умышленными преступлениями или административными правонарушениями, находящимися в прямой причинной связи со страховым случаем;
 - сообщения Страхователем заведомо ложных либо искаженных сведений об объекте страхования;
 - несвоевременного извещения о страховом случае;
 - если Страхователь имел возможность в порядке, установленном действующим законодательством, но не представил в установленный договором срок документы и сведения, необходимые для установления причин, характера страхового случая и его связи с наступившим результатом (последствиями), или представил заведомо ложные доказательства;



<p>толтырып алса;</p> <ul style="list-style-type: none">- сақтандыру жағдайы туу мүмкіндігі жоғарылайтын Сақтандырушының тапқан фактісін болдырмауға Сақтанушының шара қолданбауы;- сақтандыру келісімі немесе басқа жағдайда заңда қарастырылса; <p>4) Сақтандырушы сақтандыру төлем ақысын келісімде көрсетілген уақытында төлемеген жағдайда сақтандыру келісімін бұзуға;</p> <p>5) оны орындау үлкен зияндылық келтіретін болса жедел түрде сақтандыру келісімін бұзуға, шамамен бұзу жөнінде ұйғарылған күніне дейін 30 күннен кешіктірмей міндетті түрде сақтандырушы жазбаша хабарландыру қағазын жіберуге тиісті;</p> <p>6) қажет болған жағдайда компетентті органдарға сұрақ жіберуге;</p> <p>7) айыпты тұлғаға регрессиялық талаптың құқығын көрсету;</p> <p>8) заңда белгіленген басқа да жағдайларда.</p> <p>Сақтанушы құқылы:</p> <ol style="list-style-type: none">1) сақтандыру шарттарымен сақтандыру ақы мөлшерінің төлемімен таныстыру;2) жедел түрде сақтандыру келісімін бұзуға шамамен бұзу жөнінде ұйғарылған күніне дейін 30 күннен кешіктірмей міндетті түрде Сақтандырушы жазбаша хабарландыру қағаз жіберуге тиісті;3) полисті жоғалтып алған кезде, оның дубликатын алуға;4) сотта өзінің құқығын қорғауға. <p>Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.</p> <p>Тараптар Қазақстан Республикасының көзделген заңдарымен және АҚ "Евразия" Сақтандыру компаниясы" ерікті су жол көлігін сақтандыру ережесімен анықталған басқадай құқықтар мен міндеттерге ие.</p>	<ul style="list-style-type: none">- получения Страхователем соответствующего возмещения ущерба от лица, виновного в причинении ущерба;- неприятия Страхователем мер по устранению выявленных Страховщиком фактов, повышающих вероятность наступления страхового случая;- в иных случаях, предусмотренных законодательством или договором страхования; <p>4) расторгнуть договор страхования в случае неуплаты Страхователем страховой премии в установленные договором сроки;</p> <p>5) досрочно расторгнуть договор страхования в случае большой убыточности его исполнения, с обязательным письменным уведомлением Страховщика не позднее, чем за 30 дней до даты предполагаемого расторжения;</p> <p>6) по мере необходимости направлять запросы в компетентные органы;</p> <p>7) предъявить право регрессного требования к виновному лицу;</p> <p>8) в иных случаях, предусмотренных законодательством.</p> <p>Страхователь вправе:</p> <ol style="list-style-type: none">1) ознакомиться с условиями страхования, размерами ставок страховых премий;2) досрочно расторгнуть договор страхования с обязательным письменным уведомлением Страховщика не позднее, чем за 30 дней до даты предполагаемого расторжения;3) получить дубликат полиса в случае его утраты;4) защищать свои права в суде. <p>Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.</p> <p>Стороны имеют также другие права и несут другие обязанности, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и правилами добровольного страхования водного транспорта АО "Страховая компания "Евразия".</p>
---	--